

ӘОЖ 378.091

ҒТАМР 14.35.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.79.4.018>

**УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫ
ҚАБЫЛДАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ:
SPSS КӨМЕГІМЕН САНДЫҚ ТАЛДАУ**

*Палымбетова А.Б.¹, Қоңырбаева С.С.²

*¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеуде студенттердің ұлттық музыкаға деген көзқарасының айырмашылығын анықтау мақсат етілді. Зерттеу үлгісі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және дәстүрлі өнер» институтында оқитын 143 студенттен тұрады. Зерттеу деректері құрылымдық сауалнама арқылы жиналды. Төрт бөлімнен тұратын құрылымдық сауалнаманың бірінші бөлімінде демографиялық ақпараттарды анықтауға арналған сұрақтар, екінші бөлімде студенттердің білім берудегі ұлттық музыкаға көзқарасын анықтауға арналған сұрақтар, үшінші бөлімде ұлттық музыка құндылықтары және оқыту әдістерінің тиімділігін талдауға арналған сұрақтар, соңғы бөлімде ашық сұрақтар беріліп, ұлттық музыканың білім берудегі рөлі анықталды. Ұлттық музыканы тыңдау әдеттеріне қатысты сұрақтарды құрастыру кезінде Джерролд Левинсонның теориясы негізге алынды. Жиналған мәліметтерге SPSS 29.0.2.0 бағдарламасымен талдау жасалды. Зерттеуде ұлттық музыкаға қатысты қатысушылардың көзқарастарын бағалау үшін 6–14 нөмірлі тұжырымдарға негізделген 5 балдық Ликерт шкаласы қолданылып, респонденттердің ұлттық музыканың мәдени, тәрбиелік, әлеуметтік маңыздылығына қатысты пікірін қамтыды. Аталған 9 тұжырымның ішкі біртұтастығын (ішкі сенімділігін) тексеру мақсатында Кронбах альфа коэффициенті $\alpha = 0.975$ болып есептелді. Осыған байланысты, 6–14 сұрақтар негізінде бір біріктірілген көрсеткіш – «ұлттық музыкаға көзқарас» (music_attitude) шкаласы құрылды.

Талдау нәтижелері бойынша студенттер ұлттық музыкалық білім берудің қандай элементтерін жоғары бағалайтынын және оқытудың қандай әдістерін тиімді деп санайтынын анықтадық. Нәтижесінде ұлттық музыканың оқушылардың тұлғалық және мәдени дамуына қалай ықпал ететіні, оқыту әдістемесі бойынша онлайн платформалар мен сандық ресурстарды пайдалануды қалыпты түрде қолдайтыны, болашақ мұғалімдердің ұлттық музыканың, әсіресе аспаптық оқыту, эмоционалды көрініс және шығармашылық белсенділік арқылы трансформациялық әлеуетіне деген берік сенімділігі бар екені анықталды.

Тірек сөздер: ұлттық музыканы оқыту, ұлттық құндылықтарды дамыту, ЖОО студенттері, музыкалық білім, заманауи технологиялар, SPSS бағдарламасы, сандық талдау, студенттердің көзқарасы

Кіріспе

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және мәдени мұралары - ұлттық құндылықтардың негізін құрайды. Бұл құндылықтарды жас ұрпақтың бойына дарытып, оқу-тәрбие жүйесінде отансүйгіштікке, елжандылыққа және салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға баулу - әрбір ұстаздың маңызды борышы болып табылады. Ұлттың бай рухани мұрасын білім беру үрдісіне енгізу арқылы қазақ халқының даналық ойларын, өмір тәжірибесін және философиялық көзқарастарын игілікке жарата алатын, жан-жақты дамыған, білімді әрі өз ұстанымы бар тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Белгілі қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай да бұл туралы: «Ұлттық құндылықтардан айырылған рухта тәрбиеленген ұрпақ халықтың мұратына қызмет ете алмайды» деп атап өткен [1]. Сондықтан бүгінгі күні жастардың ұлттық дүниетанымын кеңейтіп, олардың ата-баба мұрасына деген құрметі мен жауапкершілігін қалыптастыру - уақыт талабы әрі басты міндетіміз.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтар негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған [2]. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық сананы сақтау мен жастардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру - аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Құндылық» ұғымының мәнін терең қарастырсақ, ол «құнды» сөзінен туындайды. Адам өмірінде құнды саналатын дүниелердің ауқымы кең. Оларға рухани-мәдени, білім мен танымдық, отбасылық-адамгершілік, азаматтық, жалпы мәдени және ұлттық музыкалық құндылықтар жатады [3]. «Ұлттық құндылықтар» түсінігінің мәні мен мазмұнын талдау бұл ұғымның құрылымы күрделі әрі көпқырлы екенін көрсетеді. Зерттеулер нәтижесі бойынша ұлттық құндылықтар құрамында объективті және субъективті құрамдастар бар екендігі анықталған. Мәселен, этникалық музыка мәдениетінің құндылықтары объективті сипатқа ие болып, оларды меңгеру арқылы студент - болашақ музыка мұғалімі - өзінің субъективті ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырады [4]. Осы тұрғыда аталған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - ұлттық музыканы оқыту үдерісінде студенттердің танымдық-құндылық көзқарасын айқындау болып табылады.

Ұлттық музыка - белгілі бір халықтың мәдени болмысы мен дәстүрін бейнелейтін музыкалық өнердің ерекше түрі. Ол ұлттың тарихи дамуы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі және дүниетанымымен тығыз байланыста

қалыптасады. Мұндай музыка, әдетте, халықтың ана тілінде орындалып, ұлттық аспаптар арқылы шырқалады. Оның әуені мен ырғақтық құрылымы халықтың өмір салтын, сезімдік әлемін және эмоционалдық күйін көркем түрде жеткізеді. Сонымен қатар, ұлттық музыка адамды рухани тұрғыда жетілдіріп, жеке тұлғаның өзіндік болмысын сезінуге мүмкіндік беретін және мәдени айырмашылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелейтін маңызды құралдың бірі болып табылады. Осы ерекшеліктердің барлығы ұлттық музыканың қоғам өміріндегі мәнін айқындайды. Сол себепті ұлттық музыканы жастардың бойына сіңіру, білім беру үдерісінде музыкалық құндылықтарды оқыту - заманауи педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен құндылықтары жөнінде көптеген еңбектер жазылғанымен, ұлттық мұрамыздың терең танымдық қырлары әлі де зерттеуді қажет етеді. Бұл бағытта отандық музыка зерттеушілері маңызды үлес қосып келеді [5]. Алайда қазіргі жастар арасында ұлттық музыканы дәріптеу мен насихаттау мәселесіне арналған зерттеулер аз. Соның нәтижесінде жастардың ұлттық музыканы қабылдау және бағалау деңгейінің төмендеуі байқалады. Бұл жағдай ұлттық музыкалық құндылықтарды жастарға қолжетімді әрі тартымды түрде жеткізудің маңыздылығын айқындайды. Қазақ музыкасын зерттеген ғалымдардың еңбектері отандық музыкатану ғылымының дамуына зор ықпал етті. Әсіресе, XX ғасырдың орта тұсында қазақ музыкатану саласы қалыптаса бастады. Бұл үдеріске шетелдік және орыс зерттеушілерімен қатар, қазақ жерінен шыққан өнертанушылар да өз үлесін қосты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезеңінде ұлттық музыканың табиғаты салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, дәстүрлі өнердің ықпалы анықталды.

Қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалымдардың қатарында А. Жұбановты атауға болады. Ал Абайдың ән мұрасын ғылыми тұрғыда талдаумен В. Дернова мен Г. Бисенова айналысқан. Халық әндерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін Б. Ерзакович қарастырса, домбыра күйлерінің құрылымдық сипаты П. Аравин мен Н. Тифтикидидің еңбектерінде сипатталған. Сондай-ақ, халық әндерінің ырғақтық және өлшемдік жүйесін А. Байгаскина, ал қазақтың көне музыкалық аспаптарын Б. Сарыбаев терең зерттеген. Осы еңбектердің нәтижесінде ұлттық музыкалық мұра келер ұрпаққа жеткізілді. Дегенмен музыкатану ғылымы мұнымен шектелмей, кейінгі кезеңдерде де дамуын жалғастырды. Ә. Мұхамбетова, Т. Жұмалиева, З. Қоспақов, С. Елеменова және басқа да ғалымдар өз зерттеулерінде қазақ халқының ұлттық музыкасының тарихи бастаулары мен көркемдік және стильдік қырларын жан-жақты айқындады. Алайда бұл еңбектерде қазақ музыкасының ұрпақтар сабақтастығы мен жастар арасындағы насихатталуы мәселелері

өзара байланыста жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Сондықтан жастардың ұлттық музыканы қабылдауын арттыруда білім беру процесінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану ерекше маңызды.

Ұлттық музыканы тыңдау әдеттеріне қатысты сұрақтарды құрастыру кезінде Джерролд Левинсонның теориясы қарастырылды. Левинсон эстетикалық және көркемдік қасиетті анық түсіндіреді [6]. Ол музыканың құндылығын сақтайтын әртүрлі жолдарды зерттейді, соның ішінде көркемдік, эстетикалық, әлеуметтік және тәрбиелік мәні бар, студенттердің көзқарасын бағалауға арналған ұлттық музыканың тәрбиедегі рөлі туралы теориясын ұсынады. Осы теорияны негізге ала отырып біз студенттерге арналған сауалнама құрастырдық. Сауалнаманың мақсаты: Студенттердің мәдени тәрбиесі мен танымдық-құндылық көзқарасын қалыптастыруда ұлттық музыканың рөлін зерттеу. Сауалнама барысында студенттерге алдын ала түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ұсынылған жауаптарға шынайы жауап берілуі ескертілді және сауалнамаға қатысу ерікті түрде өткізілді. Ұлттық музыканы мектеп бағдарламасында оқытудың маңыздылығы шетелдік ғалымдардың да назарын аударған. Олар ұлттық музыканың балалардың жан-жақты дамуына, мәдениетке деген оң көзқарасын қалыптастыруға және рухани байытуға ықпал ететінін дәлелдеген. Бұл үдерістің түпкі мақсаты - «оқушыларды ұлттық және рухани құндылықтарды бойына сіңірген, жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, өзіндік музыка мәдениеті мен әлемдік музыка мұрасын танып білетін, музыкалық технологияларды қолдана алатын, эстетикалық талғамы жоғары және өзіне сенімді тұлға ретінде тәрбиелеу» болып табылады [7].

Зерттеушілер Г. Полотова мен М. Қасей студенттердің ұлттық музыкаға деген қатынасының түрлі аспектілерін қарастырған. Г. Полотова өнердің адам руханиятына, ой-өрісіне және дүниетанымына әсерін, сондай-ақ оның психофизиологиялық процестерге ықпалын атап өтеді. Ал М. Қасей өз еңбектерінде қазіргі батыс музыкасының жастардың ұлттық музыканы қабылдауына кері әсерін көрсетеді. Осыған байланысты студенттердің ұлттық музыканың қандай элементтеріне көбірек қызығушылық танытатынын және қандай тұстарын түсінуде қиындық көретінін анықтау өзекті мәселе болып табылады. К. Шмидт, П. Конуэй, Р. Б. Маркум және К. Эрикссон сияқты шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде ұлттық музыканы меңгертудің жастар үшін маңыздылығы ерекше атап өтіледі. К. Шмидт музыкалық білім беру арқылы шығармашылық ойлауды дамытуға назар аударып, оны оқыту үдерісінің негізгі бөлігі ретінде қарастырған. Ал П. Конуэй мен Р. Б. Маркум жастардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру үшін халық музыкалық мұраларын цифрлық форматта сақтап, оны жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу қажеттігін ұсынады [8]. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық музыкалық құндылықтарды

насихаттау барысында заманауи технологиялардың музыкалық білім беру жүйесіне тигізетін ықпалын терең зерттеу маңызды. Мұндай зерттеулер студенттердің мәдени сауаттылығын арттырып, олардың әлеуметтік-мәдени ортада ұлттық музыкаға деген саналы әрі құндылықтық қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде ақпараттық және цифрлық технологиялар музыкалық білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып отыр. Олар студенттер мен педагогтарға кең мүмкіндіктер ұсынып, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Интернет пен заманауи цифрлық ресурстар арқылы музыкалық материалдарға, ноталық жазбаларға, аудио және бейне контентке, сондай-ақ онлайн курстар мен сабақтарға қол жеткізу мүмкіндігі туындады. Мұндай қолжетімділік студенттердің таным көкжиегін кеңейтіп, музыканың түрлі бағыттарын зерттеуге, өз шеберліктерін ыңғайлы уақытта жетілдіруге және музыкалық талғамын дамытуға жол ашады [8]. Цифрландыру ұғымы аналогтық ақпаратты электрондық форматқа көшіру арқылы оның ұзақ мерзімді сақталуын, қолжетімділігін және қайта пайдаланылуын қамтамасыз ету процесін білдіреді. Бұл тәсіл дәстүрлі музыкалық жазбалардың (винилдік пластиналар, магнитофондық ленталар, кассеталар және т.б.) уақыт өте тозып, бұзылу немесе жойылу қаупінен сақтайды. Музыкалық мұраны цифрландыру нәтижесінде ұлттық музыкаға жаңа өмір беріледі [8]. Қазіргі сандық технологиялар мен интернет желісі музыкалық жазбаларды әлем бойынша жедел және ыңғайлы таратуға мүмкіндік беріп отыр. Мұндай мүмкіндіктер әртүрлі халықтар мен этникалық топтардың музыкалық және мәдени мұраларын кеңінен насихаттауға, оларды сақтау мен көпшілікке қолжетімді етуге зор ықпал етеді. Бұл үрдіс ұлттық және этникалық музыкалық мұраның тек өз елінде ғана емес, сонымен қатар тарихи отанынан тыс аумақтарда да танылуына жол ашады [9]. Алайда ұлттық музыканы цифрландыру барысында белгілі бір қиындықтар да туындайды. Негізгі мәселелердің бірі - цифрлық деректердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігі. Электрондық құрылғылардың ақаулы жұмыс істеуі, вирустық шабуылдар, хакерлік әрекеттер немесе басқа да киберқауіптер салдарынан ұлттық музыкаға қатысты маңызды жазбалар мен мұрағаттар жоғалуы мүмкін. Сондықтан деректердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында сенімді резервтік көшіру және ақпараттық қорғау жүйелерін жетілдіру аса маңызды [10]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі музыканы тыңдау үшін ұялы телефондарды жиі қолданады. Дегенмен, мобильді құрылғыларды пайдалану фактісі жоғары сынып оқушыларының ұлттық музыкаға деген қатынасына айтарлықтай ықпал етпейтіні анықталды. Бұл нәтиже Гөкчен, Джан және Багжы [11] жүргізген зерттеулердің қорытындыларымен ұқсас сипатқа ие. Бүгінгі таңда интернеттің ұсынған

инновациялық мүмкіндіктері әлеуметтік медианы постмодерндік қоғамның негізгі коммуникациялық кеңістігіне айналдырды. Осы үрдіс аясында смартфондардың күнделікті өмірде кеңінен қолданылуы - заманауи мәдени коммуникацияның айқын көрінісі. Музыкалық индустрияның цифрлық форматқа көшуі және мобильді құрылғылармен үйлесімді болуы музыканы тыңдауды бұрынғыдан да ыңғайлы әрі қолжетімді етті. Осы себепті смартфондардың музыка тыңдау құралы ретінде кең қолданылуы бұл зерттеудің нәтижелеріне әсер етуі ықтимал. Алайда, алынған деректерге сәйкес, музыка тыңдау құралы ретінде телефонды пайдалану студенттердің ұлттық музыкаға деген көзқарасына айтарлықтай ықпал етпейтіні байқалды. Ю. Чжоу [12] мен Х. Ванг [13] ұлттық музыканы зерттеу және оқыту барысында заманауи технологияларды қолданудың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Әсіресе Х. Ванг бұл тәсілдің дәстүрлі зерттеу әдістерін толықтыра отырып, музыкалық мұраны жаңа ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік беретінін айтады. Заманауи технологияларды білім беру бағдарламаларына енгізу ұлттық музыканы оқытуды байытып қана қоймай, мәдени мұраны терең түсінуге және сақтауға да септігін тигізетінін атап өтеді [14]. Сондықтан да ұлттық музыканы түрлі қырынан зерттеу өзекті деп саналады. Дегенмен, әдебиеттерді талдау нәтижесінде музыкалық білім беру саласында ұлттық музыкаға қатысты зерттеулердің аз екені және жоғары сынып оқушыларының ұлттық музыкаға деген көзқарасын арнайы қарастырған еңбектердің жоқтығы анықталды. Осыған сәйкес, зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - ұлттық музыканың студенттердің мәдени тәрбиесіне әсерін және олардың танымдық-құндылық көзқарасын қалыптастырудағы рөлін айқындау. Зерттеу мақсатына сай төмендегі ғылыми болжамдар мен мәселелер қарастырылады:

1. Музыкалық білімі бар және жоқ студенттердің ұлттық музыкаға деген көзқарасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар ма?
2. Ер және әйел студенттердің ұлттық музыкаға деген көзқарасында статистикалық тұрғыдан айырмашылық байқала ма?
3. Оқу курстары бойынша студенттердің ұлттық музыкаға қатынасында айырмашылық бар ма?
4. Оқу курстарының жекелеген жұптары арасында (мысалы, 2-курс пен 4-курс студенттері арасында) ұлттық музыкаға көзқараста статистикалық тұрғыдан айырмашылық бар ма?

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жұмысы ұлттық музыкалық құндылықтардың білім беру жүйесіндегі рөлін анықтауға бағытталып, **сандық зерттеу әдісі** (quantitative research method) негізінде жүзеге асырылды. Зерттеудің басты мақсаты - ұлттық музыканың оқыту процесіне, мәдениетті тану мен бағалауға, эмоционалдық даму мен шығармашылық қабілетті қалыптастыруға тигізетін

“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №4 (79) 2025

ықпалын айқындау болды. Жүргізілген зерттеу барысында ұлттық музыканы зерделеу арқылы оқушылардың өз халқының мәдениеті, тарихи тамыры мен әлеуметтік-мәдени ортасы жөніндегі білімін кеңейту мүмкіндіктері қарастырылды. Сонымен қатар, студенттердің музыкалық қабілеттерінің, эстетикалық қабылдауы мен талғамының дамуына ұлттық музыканың әсер ету ерекшеліктері анықталды. Зерттеу барысында **сауалнама әдісі** қолданылды. Бұл әдіс зерттеліп отырған құбылыстың өткен немесе қазіргі жағдайын нақты сипаттауға бағытталған [15]. Зерттеу үлгісі Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері арасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы 143 респондент қатысты. Олардың басым көпшілігі әйелдер (82.5%), ал ерлер үлесі 17.5%-құрайды. Бұл қатысушылардың гендерлік құрылымында әйелдердің белсенді қатысқанын көрсетеді. Оқу курсы бойынша, ең үлкен үлесті 2-курс студенттері (53.1%) құрады. Сонымен қатар, 1 - курс студенттері -27.3%, 3 – курс - 11.9%, және 4 - курс - 7.7% болды. Бұл үлестірім қатысушылардың көбісі оқу үдерісінің бастапқы және орта кезеңдерінде екенін көрсетеді. Академиялық деңгейі жағынан респонденттердің 98.6 %-ы бакалавриат бағдарламасында оқиды, ал магистратура мен докторантура деңгейінде оқитындар әрқайсысы 0.7%-ды ғана құрады. Музыкалық білімі туралы сұраққа респонденттердің 61.5%-ы «иә» деп жауап беріп, бұған дейін музыкалық сабақтар немесе аспаптық дайындық алғанын көрсетті. Ал 38.5%-ы мұндай білімге ие емес екенін айтты. Зерттеу барысында қолданылған мәліметтерді жинау құралы құрылымдық сауалнама түрінде әзірленіп, ол төрт негізгі бөлімнен тұрды. Сауалнама құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

Бірінші бөлім - демографиялық деректер мен академиялық деңгей: жас ерекшелігі, жынысы, оқу курсы, мамандығы.

Екінші бөлім - ұлттық музыканың рөлі: қатысушыларға ұнайтын музыка жанрлары, музыка тыңдау тәсілдері мен жиілігі, ұлттық музыканың олардың өміріндегі маңыздылығы.

Үшінші бөлім - ұлттық музыканы оқыту әдістерінің тиімділігі: қатысушылар ұлттық музыканың маңыздылығын анықтау үшін 1-5 Likert шкаласын қолданды., мұнда:

1 - «толық келіспеймін», 2 – «келіспеймін», 3 – «бейтараппын/орташа», 4 – «келісемін», 5 – «толық келісемін»

Мәлімдемелер: ұлттық музыканың маңыздылығы және мәдени дәстүрлерді сақтаудағы рөлі; ұлттық музыканың білім беру бағдарламасына енгізілу қажеттілігі. Музыканы тыңдау әдеттеріне қатысты сұрақтарды құрастыру кезінде Шеноғлы Өздемир мен Джан және Гөкчен, Джан және Багжы зерттеулері ескерілді.

Төртінші бөлім – төрт сұрақтан тұратын ашық сұрақтар және оған респонденттер жауаптары:

1) Ұлттық музыка сіздің мәдениетіңізді немесе басқа мәдениеттерді түсінуіңізге қалай әсер етті?

- «Ұлттық музыка менің мәдениетімді тереңірек түсінуге көмектесті»
- «Музыка адамның мәдениетін, тарихын, дәстүрін танытады»

- «Ұлттық музыка адам жанын тыныштандырады»

2) Ұлттық музыканы формальды білім беруге енгізудегі қиындықтар қандай?

- Материалдық және әдістемелік тапшылық: «Оқулықтар мен әдістемелік материалдардың тапшылығы...»

- Мамандардың жетіспеушілігі: «Білікті мұғалімдердің аз болуы...»

- Жастардың қызығушылығының төмендігі: «Қазіргі жастар ұлттық құндылықты қолдамайды...»

- Қиындық жоқ: «Ешқандай қиындық жоқ», «Қиындық жоқ деп ойлаймын»

3) Оқу орындары ұлттық музыканы қалай насихаттай алады?

- Концерттер мен фестивальдер, түрлі іс – шаралар ұйымдастыру арқылы;

- Өлеуметтік желілер мен заманауи форматтар: «Желіге қызықты роликтер салу», «Заманауи стильде өңдеу»

- Үйірмелер, сабақтар, арнайы пәндер: «Арнайы пәндер енгізу», «Үйірмелер ашу»

- Тарих пен мәдениетпен байланыстыру: «Тарих және әдебиетпен байланыстырып оқыту»

4) Ұлттық музыка оқу бағдарламасының міндетті бөлігі болуы керек пе? Неліктен?

- Иә, міндетті болуы керек: «Себебі ол мәдени мұраны сақтау үшін маңызды»

- Жоқ, әркімнің тандауы: «Әр адамның қызығушылығына байланысты»

- Қосымша немесе факультатив: «Қосымша пән ретінде болу керек»

- Күшті патриоттық себептер: «Ұлттық сана, рухани даму үшін қажет»

Жиналған мәліметтерді зерттеу анализі SPSS 29.0.2.0 бағдарламасымен талдау жасалынды. Алғашқы үш бөлімінде дескрипті анализ және ашық сұрақтарға контент-анализ жасалды. Ашық сұрақтар респонденттердің ұлттық музыканы қабылдауына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

H_1 - Музыкалық білімі бар және жоқ студенттер арасында ұлттық музыкаға деген көзқараста статистикалық айтарлықтай айырмашылық бар. H_2 - Студенттердің ерлер мен қыздар арасында ұлттық музыкаға деген көзқарасында статистикалық айтарлықтай айырмашылық бар.

Бұл гипотезаларды тексеру үшін барлық салыстыру топтарындағы қалыптылықтың бұзылуына байланысты Mann-Whitney U тесті қолданылды (Шапиро-Уилк сынағы, $p < 0,001$). H_1 -ге қатысты талдау музыкалық білімі бар және жоқ студенттер арасында статистикалық маңызды айырмашылықты анықтаған жоқ ($U = 2037,000$, $Z = -1,653$, $p = 0,098$). Әсер мөлшері: $r = 0,14$ (кішігірім әсер). Сондықтан H_1 қолдау көрсетілмеді (1-кесте).

Кесте 1. Mann–Whitney U тесті нәтижелерінің қысқаша кестесі (жыныс және музыкалық білім)

Айнымалы	Салыстырылатын топтар	U мәні	Z мәні	p-мәні екі жақты
Музыкалық білім	Иә vs Жоқ	2037.000	-1.653	0.098
Жынысы	Әйел vs Ер	1289.500	-1.026	0.305

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, музыка саласында алдын ала формальды дайындықтың болуы немесе болмауы студенттердің ұлттық музыкалық мұраға деген бағалау деңгейіне елеулі ықпал етпейді. Бұл тұжырым, музыкалық білімнің өздігінен мәдени құндылықтарды тереңірек түсінуге міндетті түрде алып келеді деген көзқарасты жоққа шығарады. Сонымен қатар, ұлттық музыка - музыкалық дайындық деңгейіне қарамастан, барлық студенттер үшін қолжетімді әрі ортақ мәдени байланыс көзі бола алады деген пікірді қуаттайды. Осыған байланысты педагогикалық білім беру бағдарламалары үшін ұлттық музыканы оқу үдерісіне барлық болашақ мұғалімдерге арналған инклюзивті әрі қызықты формада енгізу аса маңызды екені анықталды.

Сондай-ақ, H₂-ге қатысты тест ұлттық музыкаға деген көзқараста статистикалық маңызды гендерлік айырмашылықты таппады (U = 1289,500, Z = -1,026, p = 0,305). Әсер мөлшері r = 0,09 (өте кішігірім әсер). Бұл екінші гипотезаны жоққа шығаруға әкелді, яғни ерлер де, қыздар да ұлттық музыканы бағалау мен құрметтеудің салыстырмалы деңгейде екенін көрсетеді. Бұл нәтиже педагогикалық тұрғыдан маңызды: ол музыкалық білім берудегі оқу бағдарламасын әзірлеуге барлық оқушыларды бірдей тартатын мәдени белсенділікке баса назар аудара отырып, гендерлік бейтарап көзқараспен қарауға болады деп болжайды.

H₁ де, H₂ де қолдау таппаса да, оқу жылдарындағы айырмашылықтардың қосымша талдауы (Крускал-Уоллис H тесті арқылы) курс деңгейіне негізделген көзқарастарда статистикалық маңызды айырмашылықты анықтады (H(3) = 9,071, p = 0,028). Кейінгі сынақтар екінші және төртінші курс студенттері арасындағы айтарлықтай айырмашылықты көрсетті (0p = 030.0). Төртінші курс студенттері ұлттық музыкаға деген оң көзқарастарын білдірді. Бұл тенденция мәдени сезімталдық пен педагогикалық сананы бірте-бірте арттыратын мұғалімдерді дайындаудың жиынтық әсерін көрсетуі мүмкін. Студенттер өздерінің білім беру саяхатында алға жылжыған сайын, олар ұлттық музыканың тәрбиелік және мәдени құндылығын жақсырақ тани алады, әсіресе олар оқу жоспарын жобалаумен, практикалық тәжірибелермен және мәдениеттанумен тереңірек айналысады.

Қорытындылай келе, нәтижелер мұғалімдерді дайындау бағдарламаларында музыкалық білім беру үшін маңызды әсер етеді. Музыкалық білімнің де, жыныстың да айтарлықтай ықпалының жоқтығы барлық болашақ мұғалімдердің, шығу тегіне қарамастан, дұрыс әсер ету мен белсенділік жағдайында ұлттық музыканы бірдей қабылдай алатынын көрсетеді. Оқу жылы бойынша айтарлықтай айырмашылық жоқ, алайда,

мұғалімдерді даярлау бағдарламасына ұлттық музыканы тұрақты, дамыту тұрғысынан сәйкес енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Ұлттық музыканы біріктіру мәдени бірегейлікті нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар болашақ педагогтарға өз сыныптарында мұралар мен құндылықтарды тиімді жеткізушілер болуға мүмкіндік береді.

(Н₃): Студенттердің оқу жылына байланысты ұлттық музыкаға деген көзқарасында статистикалық маңызды айырмашылық бар.

Болашақ мұғалімдерді қамтыған зерттеудің білім беру контекстін ескере отырып, олардың кәсіби даярлығының кезеңдері бойынша айырмашылықтарды анықтау мұғалімдерді дайындау бағдарламалары аясында музыкалық және мәдени білім беру үшін маңызды нәтижелер бере алады.

Бұл гипотезаны бағалау үшін барлық оқу жылы топтарында қалыптылық болжамдарының бұзылуына байланысты Kruskal-Wallis H тесті қолданылды (Шапиро-Уилк сынағы көрсеткендей, $p < 0,001$). Крускал-Уоллис тесті төрт академиялық когорта бойынша ұлттық музыкаға деген көзқараста статистикалық маңызды айырмашылық бар екенін көрсетті ($H(3) = 9,071$, $p = 0,028$). Эсер мөлшері: $\eta^2 = 0,07$ (шағын-орташа эсер). Бұл нәтиже Н₃-ны қолдайды, бұл студенттердің ұлттық музыкаға деген көзқарасы олардың университеттік білім алуының түрлі кезеңдерінде әртүрлі болатынын көрсетеді.

Айырмашылықтардың қай жерде екенін анықтау үшін Бонферрони түзетуі бар Mann-Whitney U сынағы арқылы кейінгі жұптық салыстырулар жүргізілді. Нәтижелер статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық тек екінші және төртінші курс студенттері арасында ($p = 0,0038$) бар екенін, төртінші курс студенттерінің ұлттық музыкаға деген көзқарастарының оң екендігін көрсетті. Барлық басқа жұптық салыстырулар түзетілген шекті ($p < 0,0083$) астында статистикалық маңызды нәтиже бермеді (2-кесте).

Кесте 2. Post-hoc (pairwise Mann–Whitney U) талдауы

Салыстыру (Курс)	U мәні	p-мәні (екі жақты)	Bonferroni бойынша маңызды ма?
1 vs 2	1637.0	0.347	Жоқ
1 vs 3	332.0	1.000	Жоқ
1 vs 4	117.0	0.015	Жоқ
2 vs 3	572.5	0.455	Жоқ
2 vs 4	200.0	0.0038	Иә

Бұл нәтиже педагогикалық курстық жұмыс пен практикум тәжірибесінің уақыт бойынша жинақталған әсерін көрсетуі мүмкін. Студенттер өз дәрежесін аяқтаған сайын, мәдени мұраға және оның тәрбиелік мәніне тереңірек баға беруі мүмкін, әсіресе мұндай мазмұн олардың мұғалімдерді даярлау оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізілгенде. Төртінші курс студенттерінде байқалған қарым-қатынастардың күштірек болуы олардың қолданбалы жағдайларда, мысалы, оқытушылық тағылымдамалар, мәдени


ағарту бойынша семинарлар немесе музыкалық педагогика бойынша курстық жұмыстар кезіндегі ұлттық музыкаға көбірек әсер етуімен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, бұл айырмашылық педагог кандидаттар арасындағы кәсіби сәйкестіктің даму сипатын көрсетеді. Бастауыш сынып оқушылары әлі де білім берудің жалпы тұжырымдамаларын зерттеп, ұлттық музыкалық оқу бағдарламасымен эмоционалды немесе интеллектуалды байланыстыру мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін. Керісінше, жоғары сынып оқушылары рефлексиялық тәжірибе мен сыныпта орындай отырып, ұлттық музыканы тек оқытылатын мазмұн ретінде ғана емес, болашақ оқушыларының ұлттық бірегейлігін, эмоционалдық көңіл-күйін және мәдени сабақтастықты тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде қабылдай алады.

Жалпы алғанда, Нз валидациясы студенттердің академиялық прогрессінің ұлттық музыканы қабылдауына әсер ететінін растайды. Бұл ұлттық мәдени мазмұнды мұғалімдерді дайындаудың барлық кезеңдеріне енгізудің маңыздылығын күшейтеді, сонымен бірге мұндай мазмұнның болашақтағы оқыту тәжірибесіне барған сайын күрделі және өзекті болуын қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орындарындағы оқытушылар ұлттық мұраға деген оң көзқарастың ерте дамып, мұғалімдердің білім беру барысында тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін музыкалық және мәдени білім берудің тәжірибеге негізделген үлгілерін енгізуді қарастыруы керек.


Сауалнама сұрақтарына студенттердің жауаптарын талдау мұғалімдерді дайындау бағдарламаларындағы ұлттық музыканың білім беру өзектілігі мен қабылданатын әлеуеті туралы құнды түсінік береді. Болашақ мұғалімдерден алынған бұл тұжырымдар ұлттық музыкаға деген күшті мәдени-педагогикалық бағаны, сондай-ақ заманауи және танымдық шеңберлер арқылы онымен айналысуға дайын екендігін көрсетеді.

